

**«Ақтобе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай-балабақшасы**

Тақырыбы:

**«Қоғамға қызмет ету – волонтерлік
қызмет» акциясы**

**Өткізген: Дуйсенбаева Г.А
Қоянбаева Н.А**

2024 - 2025 оқу жылы

Тақырыбы: Қоғамға қызмет ету – волонтерлік қызмет акциясы

Міндеті:Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру

"Әкелі бала – жаужүрек, жиын тойға барады, төрден орын алады, бітіреді жұмысын, тастан да өткізер жебесін" дейді. Өзіне қорған болған әкесінің арқасында алшаң басып, бар шаруасын бітіріп, алдына кездескен кез-келген қорғанды бұзуға дайын болады.

"Әкесіз бала – сужүрек, жиын тойға барады, босағада қалады" дейді. Яғни, жасқаншақ болатынын меңзеп тұр. Сондықтан біз бала тәрбиесінде әкенің қаншалықты маңызды рөл ойнайтынын білгеніміз жөн. Бірақ қазақ өз құндылықтарына қайтып оралмайынша, әкенің отбасындағы рөлі төмендей бермек.

Қазіргі кезде балаларға қоғамның ықпалы барған сайын күшейе түсуде, олардың тәрбиесіне түрлі мекемелер мен ұйымдар қатысады. Ал, отбасы ше? Оның тәрбие берудегі рөлі қандай? Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі қандай? Әке шаңырағы – теңдесі жоқ тұңғыш өмір мектебі.Қазіргі уақытта жұмыс басты аналар мен әкелердің барлығының бірдей балаларды тәрбиелеуге уақыттары бола бермей, соңында отбасындағы тәрбиеге жұмсалатын еңбек өте өнімсіз еңбекке айналууда. Бала бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, «тегіне тартқан» дейді. «Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала» деп ер адам тәрбиесін ауызға алады. Өйткені, әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы = оның жақсы тәрбиесі.

«Бір әкенің тәрбиесін — жүз мектепте бере алмас», — деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Сол себепті де бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізе отырып, оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыра білу маңызды. Осы талапқа сай құрылған «Қамқор» жобасы аясында Қоғамға қызмет ету – волонтерлік қызмет акциясы тәрбиеленушілердің әкелерімен өткізілді. Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығын отбасылық тәрбиені ұйымдастырудағы серіктестік байланыстар арқылы үйлестіру;

Жалпы ұлттық рухани-адамгершілік және әлеумет- тік құндылықтар мен құзыреттер жүйесіне баса назар аудара отырып, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы тәрбие ұстанымдарын қамтамасыз ету;

- Үлгілі отбасының тәжірибесін тарату арқылы отбасының беделін арттыру
- Әкелердің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру

«Қамқор» жобасы аясында Қоғамға қызмет ету – волонтерлік қызмет акциясы бойынша балабақшамыздың әкелер мектебінің мүшелерімен бірге балалар ойын алаңына балалар доп лақтырып ойнайтын түтікшелер мен балалар сурет салып үйренетін тақтайшалар орнатты.Әкелерімізге алғыс білдіреміз.

ОТБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

1. Отбасындағы сенімділік
2. Дәстүрлерді сақтау
3. Үлкенге құрмет , кішіге ізет
4. Туысқандық қатынастағы отбасы
5. Еңбексүйгіштік
6. Сүйіспеншілік
7. Жомарттық

Қорытынды:

Ата-ана мен бала арасындағы алшақтық жойылып, өзара ынтымақтастық орнауы, әкенің бала тәрбиесіне көңіл бөлуінің жақсаруы, отбасылық тәрбиеде әкенің рөлін ұғынуы.

